

№12. Тарих және қоғам дүниесіндегі адам

- *Нұрышева Г.Ж.,*
- *философия ғылымдарының докторы, профессор*

Жоспар

- ***1. Адам – қоғамның басты элементі***
- ***2. Қоғамның әлеуметтік бөлінуі туралы қазіргі заманғы теориялар***
- ***3. Адам – өзгертуші қызмет субъектісі***

Қоғам туралы түсініктер

- *Қоғам – адамдардың өз өмірлерін өндіру, қамтамасыз ету және қайта өндіру мақсатындағы қызметтерінің жиынтығы*
- **Демокрит:** адам алғашында табиғаттың сыйын тұтынып қана қоятын еді, бірте-бірте қолын, ойлау қабілетін дамытты, еңбек құралдарын жасауды, баспана тұрғызуды және киім тігуді үйренді
- **Аристотель:** күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін табиғи түрде пайда болған араласудан – отбасы, бірнеше отбасынан – елді мекен, бірнеше елді мекеннен – **ҚОҒАМ** қалыптасады және адам – табиғатынан қоғамдық, саяси тіршілік етуші.

Томас Гоббс

- Адам қоғамының **екі** күйі:
- **Табиғи:** адам адамға қасқыр
- **Азаматтық:** қоғам мүшелері өзара келісім-шартқа отырып, өз құқықтарының белгілі бір бөліктерін мемлекетке береді

Карл Маркс

- **қоғам** – индивидтердің қарапайым жиынтығы ғана емес, адамдар арасындағы байланыстар мен қатынастардың **күрделі** жиынтығы
- **қоғам** – адамдардың өзара әсер етулерінің нәтижесі, олардың маңызды адами (биологиялық, әлеуметтік және рухани) байланыстары мен қатынастарының жүйесі.

Қазіргі заманғы Батыс философтары

- Қоғам – жеке индивидтердің жиынтығы емес
- Ол – әлеуметтік топтар мен жүйелерге біріккен адамдардың бірлескен қызметінен құралады

Макс Вебер

- Қоғамды жүйе және құрылым ретінде қалыптастыратын белгі – әлеуметтік өзара әсер етудің белгілі бір типі
- Олар: **дәстүрлі, аффектілі, мақсатты-рационалды және құндылықты-рационалды.**
- **Дәстүрлі қоғамның** құрылымы әдеп-ғұрып, салт-дәстүр, сенім, билікке деген сакралды қатынастан тұрады
- **Индустриал қоғамда** адамдардың мақсатты-рационалды және құндылықты-рационалды әрекеттері басым.

Қоғамның қарапайым түсінігі

- Адам – қоғамның басты элементі
- *Ал қоғам дегеніміз не?*
- *Қоғамның қарапайым түсінігі*
- **Қоғам** - белгілі бір жағдайларға байланысты біріккен адамдар тобы
- Ғалымдар қоғамы, дәрігерлер қоғамы, шаруалар қоғамы, акционерлер қоғамы, қаржыгерлер қоғамы және т.б.

- Философиялық тұрғыдан алғанда, *қоғам – материя дамуының ең жоғары формасы*, ол кең көлемді табиғи жүйелер әсер ететін ашық жүйе.
- Қоғам – табиғаттың бөлігі; 2) тұтастан (табиғаттан) жеке ретінде бөлініп шыққан қоғам өзінің ерекше заңдарымен дамиды, бұл заңдар табиғат заңдарынан бөлек.

- Қоғамның басты элементі – **адам**
- Тек адам ғана табиғат қалыптастырған негіздерге әлеуметтік мән бере алады, әлеуметтік қатынастар мен мәдени жүйелерді қалыптастырады
- Қоғам – жүйелердің арасындағы ең күрделісі
- Оның материалдық, рухани бөлімдері бар
- Әрбір элементі автономияға ие
- Отбасылық-ағайындық, этникалық, таптық және т.б. қабаттары бар
- Соған қарамастан, қоғам – тұтас құрылым

Адамдардың тұрақты тарихи топтары

- 1. Ағайындылық негізінде пайда болған ***рулық-тайпалық қауымдастықтар***
- 2. ***Отбасы және неке*** (моногам отбасы – нуклеар отбасы)
- 3. Ең тұрақты тарихи қауымдастық – ***ұлт***: территориясы, экономикалық байланыстары, тілі, мәдениеті мен мінез-құлқы ортақ адамдардың тарихи қауымдастығы

- **Таптар** еңбектің қоғамдық бөлінуі мен өндіріс құралдарына меншіктік қатынастың негізінде пайда болды
- **В.И.Ленин:** Таптар деп адамдардың қоғамдық өндірістің белгілі бір тарихи жүйесінде алатын орнына, олардың өндіріс құралдарына қатынасына (көбіне заңдарда бекітілген және рәсімделген), еңбекті қоғамдық ұйымдастырудағы рөліне, яғни олар ие қоғамдық байлықты алу тәсіліне және мөлшеріне қарай ерекшеленетін үлкен топтары аталады

- ***Негізгі және негізгі емес таптар***
- Зиялы топ немесе ***интеллигенция***
- К.Маркс: **утилитар және нағыз интеллигенция**
- ***әлеуметтік стратификация және әлеуметтік мобильділік теориясы***
- Қоғамдағы адамдарды белгілері бойынша ***страталарға*** бөлу
- Страталарға бөлінген қоғамның ерекшелігі – ***әлеуметтік мобильділігі, ол көлденең және тік*** болып бөлінеді

Алты әлеуметтік лифт

- 1) экономика, бизнес саласы;
 - 2) саясат;
 - 3) әскери қызмет;
 - 4) шіркеу;
 - 5) ғылым;
 - 6) неке.
- Яғни, қоғам – адамдарды жоғары қабаттарға көтеретін лифтілерге толы құрылым секілді.

Қазіргі Қазақстандағы таптар

- 1) **билеуші элита:** президенттік, парламенттік және үкіметтік құрылымдардың жоғары лауазымды шенеуніктер; 2) ірі бизнесмендер, олардың арасында заңды және заңсыз, қылмыстық жолмен байығандар бар.
- **Орта тап:** 1) орта және ұсақ кәсіпкерлер, мемлекеттік аппараттың шенеуніктері, банк, элиталық мектептер, емханалар қызметкерлері; 2) табысы төмендеу, бірақ өмір сүруге қажетті кірісі бар адамдар.

- **Төменгі тап:** жұмыссыздар, зейнеткерлер, банкрот мекемелердің қызметкерлері және т.б., шамамен алғанда 15%.
- Төменгі тап **үш** топқа бөлінеді:
 - 1) **жоғары** төменгі топ немесе кедейлер – тапқан табысы өмір сүруіне жететін және сәл артылатын адамдар;
 - 2) **орташа** төменгі топ немесе ушыққан кедейлік – әрең-әрең күн көретіндер;
 - 3) **төменгі** төменгі топ немесе ең кедейдер – бомждар. Кедейлер ауылдық жерде көп, адамдардың ауылдан қалаға көшуінің себептерінің бірі де осы.

Адам – өзгертуші қызметтің субъектісі

- К.Маркс: «1844 жылдың экономикалық-философиялық қолжазбалары»
- Жаттанудың себебі - психологиялық емес, **әлеуметтік және экономикалық факторлар**
- Жаттану ең әуелі жұмысшы мен ол өндірген өндіріс заттарының арасындағы бірліктің бұзылуынан көрінеді.

- **Мәжбүрлі** еңбек жұмысшыны өзін құрбан етуге, қинауға жетелейтін сыртқы күшке айналады: «Ол еңбек үрдісінде өзін асқақтатпайды, терістейді, өзін бақытты емес, бақытсыз сезінеді, өзінің физикалық және рухани энергиясын өркендетпейді, керісінше, өзінің физикалық табиғатын әлсіретіп, рухын бұзады.
- Жаттанудың нәтижесінде адамдар **өзіндік адами потенциалын жоғалтады**. Олар орасан зор өндірістік машинаның тірі винтиктеріне айналады, біржақты дамиды, өздеріне көңілдері толмайды.
- Жаттану жұмысшылардың арасындағы қатынастарға да әсер етеді. Адамдар бір-бірінен бөлектенеді, жолдастық, достық қатынастар бұзылады, өздерін үнемі нашар сезінеді. Көптеген адамда қарапайым ғана функцияларды жақсы орындағандарына риза болады да, өздерін жетілдіруге ұмтыла бермейді.

- Жаттанған еңбек адамнан **төрт** нәрсені жаттандырады:
- 1) табиғатты
- 2) өзін, өзінің қызметін
- 3) рухани мәні оған жат мәнге айналады
- 4) адам басқа адамнан жаттанады.

- Адам өзіне қарсы тұрғанда, оған басқа адам қарсы тұрады. Қазіргі заманғы адам осы құбылыстардың бәрін басынан кешіп отыр деуге болады. Индивид өзі ұнатқан нәрселермен айналысып жатырмен деп өзін алдарқатады, шындығында оны билеп тұрған өзінің саналы «Менінен» бөлек күштер.
- **Иррационалды** күштер билеген адам ақша, заттар, кумирлер және т.б. идолдарға табынады. Ол өзінің гуманистік потенциалын жүзеге асырмайды, себебі идолдар оны басып тастады, ол оларға ғана табынады.

- Жаттануды жоюдың басты жолы ретінде Маркс ***жеке меншік институтын*** жоюды ұсынады
- Ал қазіргі заманда нені ұсынуға болатыны белгісіз
- Кейбір ғалымдар еңбек бөлінісін өзгертуді, қоғамдық ассоциациялар құруды, «жан-жақты дамыған индивидті» қалыптастыруды ұсынады.
- Әзірге бұл дағдарыстан шығу жолын адамзат (кейбір Скандинавия елдерінде бұл мәселелер жалпы алғанда жағымды шешіліп отыр деуге болады) таба қойған жоқ деп ойлаймыз.